

## **"Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 13 қазандағы № 550 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 5 қарашада № 5980 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 3 мамырдағы № 248 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Қостанай ауданы әкімдігінің 03.05.2016 № 248 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Жарлығына сәйкес Қостанай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Т. Исабаев*

Әкімдіктің  
2015 жылғы 13 қазандағы  
№ 550 қаулысымен

## **"Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

### 1. Жалпы ережелер

1. "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ауылдық округі әкімінің қызметін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының

Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен әкімінің өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111121, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Ульяновское ауылы, Ленина көшесі, 15 үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер

мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: ауылдық округі әкімінің қызметін ақпараттық-талдау тұрғысынан, ұйымдық - құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

15. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін, конституциялық құрылысын қорғау және нығайту, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын өмірге енгізу;

2) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын іске асыру, мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру және елдегі әлеуметтік және экономикалық процестерді басқару;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де міндеттер.

16. Функциялары:

1) азаматтар мен заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің, орталық және жергілікті мемлекеттік органдар нормативтік құқықтық актілерінің нормаларын орындауына жәрдемдесу;

2) ауылдық округ әкімінің шешімдері мен өкімдерінің жобаларын дайындау;

3) әкімнің, әкімі аппаратының қызметтерін құжаттамалық қамтамасыз етуді қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асыру;

4) азаматтарды жеке қабылдауды ұйымдастыру;

5) азаматтардың өтініштерін, арыздарын, шағымдарын қарау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөнінде шаралар қолдану;

6) жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау;

7) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді жинауға жәрдемдесу;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен әділет органдары жоқ жергілікті жерлердегі нотариаттық әрекеттер жасауды ұйымдастыру;

9) мемлекеттік қызметтер сапасын арттыруды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына ішкі бақылау;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті ақпараттар, құжаттар және өзге де материалдар сұрату және алу;

2) тиісті аумақта басқарудың тиімділігін арттыру мәселелері бойынша өзге де мемлекеттік басқару органдарымен, қоғамдық өзін-өзі басқару органдарымен және басқа да ұйымдармен өзара іс әрекет жасау;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды және міндеттерді жүзеге асыру.

### 3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

18. "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі басшылықты "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Ульянов ауылдық округ әкімі жүзеге асырады.

19. Ауылдық округінің әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. Ауылдық округі әкімінің өкілеттігі:

1) "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесін мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда ұсынады ;

2) "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмысын ұйымдастырады және басқарады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аппарат жұмыскерлерін тағайындайды, лауазымнан босатады және тәртіптік жауапкершілікке тартады;

4) құзырет шегінде қызметтік құжаттамаға қол қояды;

5) құзырет шегінде "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ақша қаражатына иелік етеді, қаржылық құжаттарға қол қояды;

б) оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ауылдық округінің әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

### 4. Мемлекеттік органның мүлкі

21. "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер

есебінен қалыптастырылады.

22. "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

**5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

24. "Қостанай ауданының Ульянов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.